

АЙҚЫН

ОТЫЗЫНШЫ ЖЫЛҒЫ ОЙРАН

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында қолдан жасалған алапат аштықтың салдарынан қара ормандай халқымыз қынадай қырылды. 1929-1933 жылдардағы қанды қырғынды «сол кездегі саясаттың қателігі» деп түйіндейтіндер де табылады. Бұл жай ғана қателік емес. Қазақ халқына қарсы жасалған ғасыр қылмысы. 1897 жылы Ресей империясы жүргізген санақта қазақтардың жалпы саны 4 миллион 84 139 адам болған.



XX ғасырдың басында Ахмет Байтұрсынұлы «Әлхамдулла, 6 миллион болдық» деп алты алаштың баласынан сүйінші сұраған. Зұлмат пен зобалаңға дейінгі кезеңде қазақтың жалпы саны 5 миллионнан асқаны анық. Нақтырақ айтсақ, елдің ішінде 4 миллион 200 мыңдай болса, қалғаны сырттағы қазақтар саны есебінен өскен. Жалпы, адам болсын, мал болсын санақ жүргізген кезде, қазақ саусақ шошайтып санағанды жаратпаған, «құдайдың бергені бар ғой» деп жақаурата жалтаратын дағдысын еске алсақ, сол халық санағы деректерінің нақпа-нақ дәлдігіне де күмән бар...

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша, Қазақстан аумағында тұрған тұрғылықты халықтың саны 6 500 895 адамды құраған деген дерек ұшырасады. Олардың 8,3 пайызы қалаларда, ал 91,7 пайызы ауылдық жерлерде тұрған. Олардың арасындағы қазақтың саны 3 713 394 адамды құрап, республика халқының 57,1 пайызы болса, ал орыстар 1 279 979 адамды құрап, 19,7 пайыз болған. 1939 жылғы санақ бойынша, қазақтардың саны 2 327 625 адам болып, республика халқының 37,8 пайызын құрағанын көреміз. Осы бір ресми деректерден қазақ халқы төрт миллионның төңірегінде азаматынан айрылғаны айқындалады. 1926 жылы Қазақстандағы мал саны 1913 жылғы 29,9 миллиондық деңгейден асып түскен екен. Жаппай ұжымдастыру қарсаңында 1929 жылы малдың жалпы саны 40,5 миллион басқа жеткен. «Бұл қазақты қалай аламыз?» деген Ресей отарлаушыларының арманы кеңестік-бәлшебектік кезеңде орындалды. ВЦИК төралқасының 1928 жылғы 14 наурыздағы байларды кәмпескелеу туралы қаулысына сәйкес, Қазақ АССР орталық атқару комитеті мен халық комиссарлары кеңесінің 1928 жылдың 27 тамызындағы

«Бай шаруашылықтарын кәмпескелеу туралы» қаулысы қабылданады. Осы қаулы негізінде жеті жүзге жуық ірі бай тәркіленіп, олардың иелері қанаушы тап ретінде жер аударылды. Олардың алды 20 мың, арты 10 мың жылқы айдаған ауқатты адамдар еді. Осы саясат колхоздастыру кезінде одан ары жалғасып, елдегі орта шаруалар мен ауқатты адамдар да қатты қуғындауға ұшырайды. Мәскеу қабылдаған қаулыда бірінші кезекте елдегі кемі 100 бас малы бар байлардан бастап түгел мал-мүлкін тәркілеу, сұлтандар мен хандардың тұқымын, сондай-ақ қазірет, ишан, қазы және олардың отбасының барлық мүлкін тартып алу және жер иелену құқығынан айыру туралы пәрмен берілген.



«Сорқудықтың басына, сорға бола қонды әкем» дегендей, Қазақстанға Филипп Голощекиннің өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып келуі бақытсыздықтың басы болды. Голощекин қазақ зиялыларын бір-біріне айдап салды, «халық жауы» деп жала жауып, көптеген азаматтың қанын мойнына жүктеді. Голощекиннің тікелей басшылығымен 1929 жылы – 31, 1930 жылы – 82, 1931 жылы – 80 жалған «контрреволюциялық ұйымдар» ашылып, «осы ұйымдардың мүшесі болды» деген жаламен он мыңға тарта қазақтың бетке ұстар азаматтары қамауға алынды.

КСРО Орталық атқару комитеті мен Қазақ Халық Комиссарлары кеңесінің 1930 жылдың 1 ақпанындағы «Жаппай коллективтендіру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту және кулактармен күресу шаралары жөнінде» деген қаулысының негізінде Қазақстан үкіметі 1930 жылдың 19 ақпанында дәл осындай мазмұндағы қаулы қабылдайды. Сөйтіп, ендігі кезекте колхоз құрылысына «қарсылық жасап отырған қанаушы элемент» әрі «пролетариат жауы» деген желеумен кулактар мен байларды тап ретінде жою науқаны басталады. Осы қаулыға сәйкес әрбір аудан және ауыл көлемінде жойылатын кулактар мен байлардың жалпы саны халықтың 3,5 пайызы болуы керек делінген. Жаңа науқан 1928-1934 жылдары Қазақстанда жаппай ашаршылықтың басталуына жол ашты. Қазақстанда күштеп колхоздастыру науқаны жоғарыдан берілген әмір, нұсқаулар негізінде жүргізілді. Колхоздастыру 1929 жылдың орта шенінен басталғанын білеміз. Тап сол жылы Сталин 7 қарашада «Правда» газетіне «Ұлы бетбұрыс» деп аталатын мақаласын жариялайды. Енді жаңа экономикалық саясат негізінде жүргізілген шаруаларды кооперациялау ісі мемлекет бағыттап отырған күшпен ұжымдастыру шарасына алмасты. Қазақстанда колхоздастыруды 1932 жылдың көктеміне қарай аяқтау белгіленді. Шаруаларды күштеп ұжымдастыруда республикада колхоздар саны қауырт өсіп 1 927 жылы – 1 072 болса, 1928 жылы — 2 354, ал 1929 жылы – 4876-ға жетті. Колхоздастыру осындай ауыр жағдайда басталды да, оны басқару әкімшілік, зорлық, күштеу әдістерімен жүргізілді. 1928 жылы Қазақстанда колхозға барлық шаруашылықтардың екі пайызы ғана кірсе, 1931 жылдың күзінде шаруаларды 70-тен 100 пайызға дейін колхоздастырған аудандардың саны 78-ге жетті. Бұл тұста өлкеде – 122 аудан болған. Шаруаларды ұжымдастыру кезінде ауыл-селоларда бай-кулактарды тап ретінде жою шаралары іске асырылды. 1930-1931 жылдары республикадан тыс жерге «бай-күлак» деп 6 765 адам жер аударылды. Олардың зар еңіреп, мұң илеген қанша тұқымы қоса кетті.

Жаппай ұжымдастыру мен отырықшыландыру ісін жүргізу үшін Қазақстан өлкелік партия комитеті жергілікті белсенділермен бірге одақ кәсіпорындарынан сегіз мың жұмысшыны тартты. Бұдан бөлек республикаға Мәскеуден, Иваново-Вознесенскіден, Харьковтан, Ленинградтан партияның шақыруымен 1 204 «жиырма бесмыңыншы» келді. Сонымен, бай мен сұлтанның, қазы мен қазіреттің көзі құртылды. Бұрынғы байдың жайлауы мен қонысына колхоз фермалары орналасты. Кейбір жерлерде ірі мойынтұрық серіктестік пен коммуналар ұйымдастырылды. Байға теңелудің орнына кедейге теңелу күн тәртібіне шықты. Кілең кедей-кепшік малға бай құсап қарай алмады. Мал атаулы күтімнің кемдігінен, шөптің, жайылымның жетпеуінен қырылды. Сөйтіп, 1928-32 жылдар аралығында республикада ірі қара 6 миллион 509 мыңнан 965 мыңға, қой 18 миллион 566 мыңнан 1 миллион 386 мыңға, жылқы 3 миллион 516 мыңнан 316 мыңға, түйе 1 миллион 42 мыңнан 63 мыңға күрт азайды. Халықтың тұрмысы нашарлап, ыңыршағы айналды. Алдындағы малынан айрылған елдің естияр азаматтары бас көтеріп, қарсылық білдірді. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 372 көтерілісі болған екен. Оған 80 мыңдай адам қатысты. Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Биен-Аксу, Шыңғыстау, Бөрібаев, Қастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау жерлеріндегі шаруалар көтерілісі аяусыз басылып, оған қатысқандардан 5 551 адам сотталды, 883-і атылды. Жалпы алғанда күштеп ұжымдастыру кезінде Қазақстанда 100 мыңнан астам адам ауыр жазаланды.

«Бір айналдырғанды шыр айналдырады» дегендей, 1932-1933 жылдардағы қуаңшылық онсыз да қарақан басын асырай алмай отырған халыққа сұмдық соққы боп тиді. Осы екі жылда республикада аштықтан өте көп адам қырылып, 2 миллион 200 мың адамынан, яғни қазақ ұлтының 49 пайызынан айырылды. Міне, 30 жылғы ойран деректері осындай. Осы ретте қазақтың тартқан қасіретін әлі күнге сәбет өкіметін аңсайтын, жоқтайтын қандастарымыздың қаперіне бір салып қоюды азаматтық парыз санадық.

Нұртөре ЖҮСП